

ҚАШАНҒЫ ҚЫМБАТТАЙ БЕРЕДІ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



БАСПАСӨЗДІҢ БҰҚАРАЛЫҚ МӘНІ КЕМІП КЕТТІ

6-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЕЛЕУЛІ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ҚАРАМАСТАН, АДАМЗАТ КӨПТЕГЕН ГУМАНИТАРЛЫҚ СЫН-ҚАТЕРМЕН БЕТПЕ-БЕТ КЕЛІП ОТЫР. МИЛЛИОНДАҒАН АДАМДАР АШТЫҚТАН, ІНДЕТТЕН, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ АЗЫП-ТОЗУЫНАН ЖӘНЕ КЛИМАТ ӨЗГЕРІСІНЕН ЗАРДАП ШЕГУДЕ. ҚАЗАҚСТАН КЕДЕЙЛІКТІ АЗАЙТУҒА, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ШЕШУГЕ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ КҮШ-ЖІГЕР ЖҰМЫЛДЫРАДЫ.

№110
(4854)
Бейсенбі
18 қыркүйек
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



2-3

АСТАНА ІЗГІ ДИАЛОГ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен пленарлық отырысқа 60 елден келген 100-ден астам делегация өкілдері қатысты. Олардың қатарында әлемдік ірі конфессиялардың рухани көшбасшылары, халықаралық ұйымдардың өкілдері, сарапшылар, саясаттанушылар және қоғам қайраткерлері бар. Алқалы жиында діндердің бітімгерлік әлеуеті, цифрлық даму мен жасанды интеллект дәуіріндегі рухани құндылықтарды дәріптеу сияқты сегіз тақырып талқыланды.

КӨМІР ҚАЙДА, ҚАНШАҒА САТЫЛАДЫ?

Қазір елордада тұрғындарға көмір сатуға арналған 14 орын жұмыс істейді.

Сату орындарында 8 көмір жеткізуші компания қызмет көрсетеді. Олар мына мекенжайларда орналасқан:

- Герцен көшесі, 4/1,
- Герцен көшесі, 6/2,
- Көктал, 28/2,
- Мақат, 40,
- Жамбыл Жабаев көшесі, 76,
- Ахмет Жұбанов көшесі, 35,
- Дулатов көшесі, 182/1,
- 85-көше (ЖЭО-3 ауданы),
- уч. 9А, Герцен көшесі, 6Б.

КӨМІРДІҢ ОРТАША БАҒАСЫ:

ШҰБАРКӨЛ – 18 000 теңге
ҚАРАЖЫРА – 18 500 теңге
МАЙКӨБЕ – 15 500 теңге




Қалада «109» бірыңғай нөмірі бойынша байланыс орталығы жұмыс істейді. Осы нөмір арқылы көмірдің қолжетімділігі, бағасы және сату орындары туралы қажетті ақпарат алуға болады.

АДАМҒА ҰҚСАС РОБОТ ЖАСАДЫ

Астана қаласындағы №109 орта мектептің мұғалімдері мен оқушылары бірлесіп, адамға ұқсас робот жасап шығарды.

Жаңашыл жоба авторлары «Одиссей» деп атаған робот әзірге өзіне қойылған кез келген сұраққа жауап бере алады және сыныптағы оқушыларды санайды. Ол сондай-ақ адамға қарап, қолын көтеріп амандасу рәсімін білдіреді.


«Бұл робот көпшілікті таң қалдырады деп сенеміз. Балаларымыздың қызығушылығы мен ынтасы бізге үлкен күш береді» дейді жоба жетекшісі, информатика пәнінің мұғалімі Дастан Дүйсенұлы.



20-21 ҚЫРКҮЙЕК

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Онда Абай мен Атырау облыстарының ауылшаруашылық тауар өндірушілері Астанаға өнім әкеледі. Жәрмеңке «Қазанат» ипподромының автотұрағында (Қарқаралы тас жолы, 1) сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс өтеді.



№110 (4854) 18/09/2025 Бейсенбі



АСТАНА ІЗГІ ДИАЛОГ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

Төлен ТІЛЕУБАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

МӘМІЛЕГЕ БАЛАМА ЖОҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев съездің «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбындағы пленарлық сессиясына қатысып, сөз сөйледі. Қасым-Жомарт Тоқаев Астана төрінде бас қосқан әлемнің ең беделді рухани көшбасшылары мен басқа да қатысушыларға ілтипат білдіріп, съезд жұмысына қолдау көрсеткендері үшін алғыс айтты.

«Қазір жер жүзінде сын-қатерлер көбейіп, халықаралық ахуал ушығып тұр. Соның салдарынан түрлі қақтығыстар көбеюде. Алмағайып кезең ешкімге оңай болып жатқан жоқ. Өкінішке қарай, соғыстың сипаты мен болмысы белең алуда. Дегенмен біз өткен заманнан дұрыс сабақ алып, сындарлы әрі ашық келіссөздерге ұмтылуымыз керек. Мәмілеге балама жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда, бүгінгі съездің мән-маңызы айрықша. Дін басшыларын гуманистік көзқарастарды ту еткен Бейбітшілік елшілері деп айтуға болады. Сіздер ортақ мүдде үшін бірігіп, әлем жұртшылығын игі мақсат жолында жұмылдыруға ниет білдіріп отырсыздар. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының айтуынша, съезд алғаш қызметін бастаған сәттен бері қазіргі заман сын-қатерлерін ашық талқылайтын бірегей алаңға айналды. Конгреске қатысушылардың ұсынымдарына сәйкес, съездің 2033 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы әзірленіп, ол жүзеге асырылып жатыр. «Аталған құжат біздің бейбітшілікті сақтау, тату-тәтті өмір сүру және баршаға ортақ адамгершілік құндылықтарын берік орнықтыру секілді ортақ мақсатымызды айқындайды. Геосаяси шиеленіс ушыққан заманда мұның бәрі айрықша маңызды. Съездің қорытынды декларациясы ресми құжат ретінде БҰҰ Бас Ассамблеяларында таралады. Бұл – съезд жұмысына берілген жоғары баға. Алдағы мерейтойлық 80-сессияда да аталған үрдіс жалғасады деп үміттенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚАЗАҚСТАН – ӨРКЕНИЕТТЕР БІТЕ ҚАЙНАСҚАН МЕКЕН

Президент Қазақстан территориясы ежелден түрлі мәдениеттер тоғысып, өркениеттер өзара біте қайнасқан мекен екеніне назар аударды. «Қазақ даласында әлемдегі ең негізгі діндер мен конфессиялардың барлығы дерлік тараған және бір-бірімен жарасым тапқан. Біз қазіргі Қазақстанда да осы игі дәстүрді сақтап, одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді саламыз. Еліміздің этносаралық және дінаралық келісімді нығайтуда тәжірибесі мол. Қазақстанның этностық әрі діни толеранттық моделі «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатына сүйенеді. Бұл ұстаным тіпті әлемдік өлшем тұрғысынан бірегей саналатын Қазақстан халқы ассамблеясының қызметінде де көрініс тапқан. Тарихтың өзі қалыптастырған халқымыздың төзімі, ынтымақ-бірлігі мен кең дүниетанымы бүгінде еліміздің бейбітсүйгіш, теңгерімді сыртқы саясатынан анық аңғарылады. Бұл саясат сенімге, диалогқа және ынтымақтастыққа негізделген. Жалпыға ортақ осы құндылықтар мен қағидаттар барша халықтар мен мемлекеттер үшін де маңызды екеніне сенімім кәміл» деді Президент.



ӘСІРЕУЛТШЫЛДЫҚ ПЕН ЖАЛҒАН ПАТРИОТИЗМ БЕЛЕҢ АЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев съезд аясында БҰҰ Өркениеттер альянсының діни нысандарды қорғау жөнінде арнаулы сессиясы ұйымдастырылғанын атап өтіп, жаһандағы гуманистік күн тәртібін ілгерілетуге сіңірген еңбегі үшін Альянстің жоғарғы өкілі Мигель Анхель Моратиноска ризашылығын білдірді.

«Киелі діни орындар мен нышандарды қорғау арқылы біз, шын мәнінде, адамзат өркениетінің қайнар көзін сақтаймыз. Қазақстанда 18 конфессияға тиесілі төрт мыңға жуық діни бірлестік бар. Біз ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі секілді киелі жерлерді, ертеде және қазіргі заманда бой көтерген мешіттерді, православие мен католик шіркеулерін, Алматыдағы будда орталығы мен «Бейт Рахель Хабад Любавич» сияқты синагогаларды қорғап, қолдау көрсетеміз. Мемлекет діни қауым үшін ерекше маңызға ие барлық қасиетті орындардың сақталуын өз қамқорлығына алған. Маңғыстаудағы Бекет ата мешіті, Іле өзенінің жағасындағы Тамғалы тас будда петроглифтері, Алматыдағы Леви-Исхак Шнеерсонның қабірі, католиктер айрықша ардақтайтын Солтүстік Қазақстандағы Мәриямкөл – осының жарқын мысалы. Киелі жерлер наным-сенімі әртүрлі адамдарды біріктіріп, ұрпақтар сабақтастығы мен рухани байланысты сақтайды. Сондықтан біз үшін бұл жай ғана сәулеттік немесе тарихи ескерткіш емес, бейбітшіліктің, өзара құрмет пен халқымыздың мәдени саналуандығының символы» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, соңғы өткен съезден бері әлемде өте жағымсыз үрдістер белең алды. Кейбір саясаткерлер мен сарапшылар бұған «өркениеттер дағдарысы» деп айдар тақты. «Киплингше айтсақ, «Батыстың аты – Батыс, Шығыстың аты – Шығыс. Олар ешқашан бір арнада тоғыспайды». Бірқатар ірі мемлекетте орын алған кейінгі уақиғаларды шолып өтсек, мұндай ұйғарымның дұрыс көрінуі мүмкін. Бірақ саяси факторды ешқашан естен шығаруға болмайды. Басқаша айтқанда, басқарушы биліктің мемлекеттік құрылым туралы тұжырымы мен тәжірибесін қаперде ұстаған жөн. Олар жүргізетін саясаттың бейбіт диалогты қолдау, мәдениеттердің, түрлі дін мен дүниетанымның ықпалдастығы тұрғысынан әрдайым орынды әрі конструктивті бола бермейтінін көріп отырмыз. Әсіреұлтшылдық пен жалған патриотизмнің күн санап белең алуы алаңдатпай қоймайды. Қалыптасқан түсініктердің көз алдымызда өзгеруі жастарды адастырады. Бір жағынан, біз құқықтық консервативті және либералды идеологиялардың қақтығысына куәміз. Бұл бірқатар елді саяси тұрақсыздыққа әкеледі. Қазақстанда осы тектес жаһандық проблемаларға жіті назар аударылады. Бұл – ішкі саясатымыздың негізгі өзегі. Түрлі этнос, дін және ұлт өкілдері арасында толеранттылық пен өзара құрмет саясатын жүргізу маңызды деп санаймын. «Бірлігіміз – әралуандықта» ұстанымына зиян келтіріп, оған күйе жаққысы келетін, соның ішінде мемлекеттік қызметте және қоғамдық орында елімізді тұрақты мекен ететін халықтардың тілін еркін қолдануға қарсы әрекеттерге қатаң тосқауыл қойылады. Оған «Заң және тәртіп» қағидатына сай құқықтық баға беріледі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН – МҮМКІНДІКТЕР МЕН ПРОГРЕСТЕРГЕ БАСТЫ БАҒДАР

Президент Қазақстанда соңғы жылдары анағұрлым орнықты, ашық әрі әділ саяси жүйе қалыптастыруға бағытталған ауқымды өзгерістер дәйекті түрде жүргізілгенін атап өтті. «Адам құқығын қорғау саласы айтарлықтай күшейді: Конституциялық сот құрылып, омбудсмен институты нығайды, арнайы заңдар мен жарлықтар шығарылды. Жалпыұлттық референдум кезінде азаматтарымыздың басым бөлігі қолдаған 2022 жылғы конституциялық реформа саяси жүйемізді түбегейлі жаңғыртты. Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа алдық. Президентті жеті жылға бір рет сайлау тәртібі бекітіліп, сондай-ақ Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым атқаруға тыйым салатын нормалар енгізілді. Бұдан бөлек, жақында Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда елімізде бірпалаталы Парламент құру бастамасын көтердім. Аталған ұсыныс халық мүддесіне сай саяси жүйені жаңғырту ниетінен туындап отыр. «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы негізінде қоғамның тұрақтылығы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ішкі саясатымызда ерекше мән беріледі» деді Президент.

Мемлекет басшысы инновацияны, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізуге тоқталып, ұлттық экономиканы жаппай цифрландыру идеясы биылғы Жолдауының арқауы болғанына назар аударды. «Соңғы жылдары Қазақстан экономикасын реформалауға қатысты ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Мен Жолдауда ұсынған жоспарлар аталған бастаманы одан әрі өрбітеді. Бұл жерде еліміздің жаңа индустриалды қалыбын құру жөнінде сөз болып отыр. Энергетика және коммуналдық инфрақұрылым біртіндеп жаңғыртыла бастады. Қазақстан Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы негізгі құрлық дәлізі саналады. Сондықтан көлік-транзит әлеуетімізді арттыруға айрықша күш саламыз. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауға және азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. Осы орайда мемлекет инвестициялық ахуал мен іскерлік ортаны жетілдіруге кірісті. Ұлттық экономиканы дамыту ісінде мемлекеттің ауқымды қаржылық мүмкіндігін жұмылдырумен қатар, ірі инвестиция тартуға тырысамыз. Дегенмен біздің басты байлығымыз – адам. Сол себепті мемлекет адам әлеуетін нығайту бағытында кешенді шара қабылдады. Ұстаздарды, дәрігерлерді, ғалымдар мен инженерлерді, жастарды қолдау тетіктері жаңа деңгейге көтерілді. Биыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Бұл шешім қоғамда еңбекқорлық культінің маңызды екенін көрсетеді. Біз жаңа мектептер құрылысына, жоғары білім, ғылым, спорт және креативті индустрия салаларын дамытуға, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерін жаңғыртуға қомақты қаржы бөліп отырмыз. Қоғамның экологиялық мәдениетін арттыру үшін жан-жақты шаралар қабылданды. Былтыр «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы басталып, оған миллиондаған отандасымыз қатысты. Мұның бәрі Әділетті, Таза, Қауіпсіз, Қуатты, Цифрлық Қазақстанды – жауапкершілігі жоғары азаматтардың мемлекетін, мүмкіндіктер мен прогрестер елін құру жолындағы басты бағдар саналады» деді Мемлекет басшысы.

ЯДРОЛЫҚ СОҒЫС ҚАУПІ АЛАҢДАТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев әлемде мәдениеттер арасындағы қарама-қайшылық күшейіп, сауда және санкция текетірестері бәсеңдемей тұрғанына, жаппай қарусыздандырудың орнына әскерді жарақтандыру жарысы басталып кеткеніне тоқталды. «Дүние жүзінің әртүрлі аймағында жүріп жатқан гибридті соғыстардың майдан шебі айқын емес. Алайда қисапсыз адам шығынына ұшыратып, толассыз босқындар нөпіріне түрткі болуда. Экономикаға орасан зор залал тигізіп отыр. Ядролық қақтығыс қаупі қатты алаңдатады. Сарапшылар зұлымдық пен мейірімділік тартысқа түсетін мұндай шешуші сәттің болу ықтималдығы соңғы он жылда күрт артқанын жиі айта бастады. Өкінішке қарай, әлемде конструктивті ұсыныстарды ортаға салып, саяси ұстамдылық танытудан гөрі өшпенділік өршіп, геосаяси жіктің арасы алшақтап, әлеуметтік шиеленіс одан сайын ушығып барады. Менің ойымша, мұндай қилы кезеңде диалогқа шақыратын, бірін-бірі жатсынуды доғаруға үндейтін, халықаралық аренадағы өзара сенімді арттыратын басты амал ретінде конструктивті дипломатия алдыңғы орынға шығуы керек» деді Президент.

ДІНИ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Мемлекет басшысының айтуынша, өркениеттер бай-

ланысын дамытуда, сондай-ақ адамдар мен қоғам арасындағы сенімді нығайтуда айрықша рөл атқаратын дінбасыларына зор үміт артылады. «Діни қайраткерлер саясаткерлерді парасаттылыққа, ізгілікке және моральдық жауапкершілікке үндеп, әлемнің құрдымға кетуіне жол бермеу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтынына сенімдімін. Дүние жүзінде мұндай үлгі тұтар талпыныстар жоқ емес. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, Адамзат бауырластығы туралы құжат, Мекке декларациясы, Бахрейн форумы, Біріккен Араб Әмірліктеріндегі «Ибраһим зәузатының үйі» – осы бастамалардың барлығы тізе қосып әрекет етсе, дін ұйыстырушы күшке айналатынын көрсетеді. Мұндай тәжірибені одан әрі дамытып, кеңінен тарату қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

сын-қатермен бетпе-бет келіп отыр. Миллиондаған адамдар аштықтан, індеттен, қоршаған ортаның азып-тозуынан және климат өзгерісінен зардап шегуде. Қазақстан кедейлікті азайтуға, экологиялық проблемаларды шешуге және гуманитарлық көмек көрсетуге айтарлықтай күш-жігер жұмылдырады. Бұл мәселелерді келесі жылы сәуір айында Астанада өтетін Экология және орнықты даму өңірлік саммитінде талқылау жоспарланған. Еліміз – мұсылман әлемінің қиыр солтүстіктегі ең үлкен аймағы. Отыз жыл бұрын біз Ислам ынтымақтастығы ұйымының мүшесі атандық. Осы беделді бірлестік аясында Қазақстан Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымының құрылуына бастамашы болды. Дін қайраткерлері әрқашан адамдарды жігерлендіріп, игі іс жасауға, жоқ-жітікке жәрдемдесуге шақырады. Діни қауымдар гуманитарлық миссиялар мен еріктілер бағдарламасын іске қосып, мектеп пен аурухана ашады. Жастар мен әлеуметтік әлсіз топтарға қамқорлық көрсетіп, климат пен миграция мәселесін қозғайды. Бұл XXI ғасырда да діннің жасампаз күшке ие екенін тағы бір дәлелдейді. Оның мүмкіндігін толық пайдалану қажет» деді Президент.

Сондықтан съезд аясында климат өзгерістеріне қарсы күрестегі дін көшбасшыларының рөлі туралы бірлескен құжат әзірлеуді ұсынамын. Аталған құжатта рухани дәстүрлерге негізделген және климат өзгерістеріне осал өңірлерді қолдауға ерекше мән беретін экологиялық жауапкершіліктің жалпыға бірдей қағидаттарын бекітуге болады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент әлемнің жаңа технологиялық дәуірге қадам басқанына назар аударды. «Жасанды интеллект, үлкен деректер, биоинженерия және басқа да революциялық жаңашылдықтар адамның тұрмыс-тіршілігін түбегейлі өзгертті. Бірақ этикалық нормалар технологиялық прогрестің қарқынына ілесе алмай жатыр. Таңдау құқығы мен жеке өмірдің құпиялығын қорғау, цифрлық теңдікті және жасанды интеллектіні пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету секілді көптеген дилемма салдарынан жаңа сын-қатерлер туындады. Дін көшбасшылары адамгершілік құндылықтар мен асқақ мұраттардың сақшысы ретінде адамзаттың цифрлық келешегі туралы пікірталасқа атсалысуы керек деп ойлаймын. Кез келген технология адам игілігіне қызмет етуге тиіс. Ол үшін дін көшбасшыларының, ғалымдар мен технократ-инженерлердің тұрақты диалогын ұйымдастыру қажет. Жасанды интеллект еліміздің қарқынды дамуына жол ашады. Әйтсе де этикалық нормаларды сақтаудың маңызын жақсы түсінеміз. Сондықтан бұл бағытта кеңінен ынтымақтастық орнатуға әзірміз. Жасанды интеллектіні дамыту этикасы жөніндегі дінаралық комиссия құруды ұсынамын. Ол нейрожелілер мен басқа да серпінді технологияларды жауапкершілікпен пайдаланудың әмбебап қағидаттарын әзірлеумен айналысады. Бұл жерде «алгоритмдерге арналған қағидалар» жинағын әзірлеу туралы сөз болып отыр. Онда адамның қадір-қасиетін құрметтеу, дискриминацияға жол бермеу, аса әділдік, жақынына жанашырлық, бейбітсүйгіш қасиет секілді жалпы гуманистік құндылықтарды дәріптейтініне назар аударып, Қазақстанның осы ұстанымға бейіл екенін атап өтті. «Сондықтан еліміз зорлық-зомбылықты, экстремизмді және өшпенділікті ақтап алу үшін дінді пайдалануға үзілді-кесілді қарсы деп мәлімдеді. «Бүгінде көптеген ойшылдар постсекулярлық дәуірдің басталғанын жиі айтады. Яғни мұндай кезеңде дін қайтадан қоғамдық және саяси өмірдің маңызды факторына айналады. Біздің съезд замана көшінен қалмауға тырысады. Сондықтан дін өкілдерінің диалогын ғалымдар мен сарапшылар қауымдастығымен күшейтеміз. Рухани даналық пен сарапшылар білімінің синтезі жаһандық және өңірлік деңгейдегі өзекті проблемалардың тиімді шешімін табуға жол ашуы мүмкін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ ТЕРЕҢ ТҮЙІНДЕЛГЕН ҚҰЖАТ

Бұдан әрі Президент Қазақстанның дінаралық және мәдениетаралық диалогты нығайтуға қатысты ұстанымымен бөлісті. «Халықаралық және өңірлік ұйымдар деңгейінде діни дипломатияның әлеуетін пайдалану маңызды. Осыған дейінгі съезд аясында көтерген «Бейбітшілік қозғалысы» атты идеямды талқылауды ұсынамын. Жоғарғы дін қызметкерлері зорлық-зомбылықты тоқтатуға және бітімге келу жолдарын іздеуге ешқандай саяси реңксіз, бейтарап үндеу жасау арқылы аталған қозғалысқа моральдық тұрғыдан демеу бола алар еді. Адам өмірінің құны, жанашырлық пен мейірбандық секілді жалпыға ортақ құндылықтарға негізделген бұл бастама діндар қауымды ғана емес, саясаткерлерді, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік емес құрылымдар өкілдерін, сарапшыларды, тіпті жастарды да біріктіре алады. Бейбітшілікті қорғау жолындағы үніміз әлдеқайда өршіл болуы қажет. Осы съезд секілді алаңдар соған септігін тигізеді. Бұл ретте әзірге әлемде баламасы жоқ Біріккен Ұлттар Ұйымына үлкен сенім артамыз. Орайлы сәтті пайдаланып, Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын ашу туралы еліміздің ұсынысына қолдау білдіргені үшін Ұйымға мүше барлық мемлекетке ризашылығымды білдіремін. АӨСШК, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, ЕҚЫҰ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы, Араб мемлекеттері лигасы секілді өңірлік құрылымдардың рөлін күшейту қажет» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, діни конфессиялар қай заманда да адамдарға түрлі қиындықтар мен тауқыметтерді еңсеруге көмектескен. Сондықтан адамның рухани қажеттілігі туралы сөз қозғалғанда, оның дүниелік мұқтаждықтарын да қаперден шығаруға болмайды. «Елеулі жетістіктерге қарамастан, адамзат көптеген гуманитарлық

КЕЗ КЕЛГЕН ТЕХНОЛОГИЯ ИГІЛІККЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ТИІС

Мемлекет басшысы әлем күрделі экологиялық қауіп-қатермен бетпе-бет келіп отырғанын, соның ішінде Орталық Азия оны ерекше сезінетінін жеткізді. «Климат өзгерісі мұнда әлемдік деңгеймен салыстырғанда өте тез жүріп жатыр. Аймақта құрғақшылық жиі орын алып, мұздықтар еріп, тұщы судың қоры азайып келеді. Кез келген халықтың рухани дәстүрі табиғатты аялауға, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруге үйретеді. Өйткені Жер – Жаратушы сыйлаған ортақ үйіміз. Оған қамқорлық таныту – парызымыз. Климаттағы өзгерістер мен оның ауыр салдары – тек ғылыми немесе экономикалық мәселе емес, іргелі адамгершілік құндылықтар үшін сынақ. Ықтимал экологиялық апаттардың алдын алу үшін халықаралық ынтымақты нығайту, сондай-ақ жаһандық және өңірлік деңгейде үйлесімді әрекет ету маңызды.



маңызды шешімдерді бақылауда ұстау мәселелері ескерілуге тиіс» деді Мемлекет басшысы.

БОЛАШАҚ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Президент барлық негізгі діни дәстүрлер мейірімділік, ортақ екенін аңғартады. Бүкіл адамзатқа төнген түрлі қауіптерге бірігіп қарсы тұруға дайын екенін көрсетеді. Осы дөңгелек үстелдегі құрмет пен достық рухы дүние жүзін ынтымаққа бастасын! Игі мақсаттарға бірге жетейік» деп сөзін түйіндеді Мемлекет басшысы.

«АЛТЫН ҚЫРАН» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне қатысу үшін Астанаға келген Мәскеу және бүкіл Ресей патриархы Кириллмен кездесті.

Президент бүгінгі кездесу Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықты тереңдету жолындағы тағы бір маңызды қадам екенін атап өтті. «Ең алдымен, съезге арнайы келгеніңіз үшін ризашылығымды білдіремін. Сіздің бұл жиынға қатысуыңыз, шын мәнінде, форумның табысты өту тұрғысынан маңызды. Біз Сізді құрметтейміз. Өзіңізге мәлім, Қазақстан мен Ресей – стратегиялық серіктес, одақтас елдер» деді Мемлекет басшысы.

Патриарх Кирилл Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтып, Орыс православие шіркеуінің миссиясы халықтар арасындағы бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайту екенін мәлімдеді. «Қасиетті Қазақстанға келу мені әрдайым қуантады. Бұл – біздің достас еліміз. Ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келеміз. Қазір мемлекеттеріміз бөлек болғанымен, достық, өзара қолдау және ынтымақтастық тінін берік жалғап отырмыз» деді Мәскеу Патриархатының басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы рухани байланыстарды нығайтуға қосқан үлесі үшін әрі айрықша құрмет белгісі ретінде Мәскеу және бүкіл Ресей патриархы Кириллді «Алтын Қыран» орденімен марапаттады.

СЪЕЗД АЛАҢЫНДА КЕЗДЕСТІ

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі алаңында Қасым-Жомарт Тоқаев Израильдің бас ашкеназ раввині Кальман Бермен, Израильдің бас сефард раввині Давид Йосефпен, Американың ірі еврей ұйымдары президенттері конференциясы атқарушы төрағасының орынбасары Малькольм Хонлайнмен кездесті.

Мемлекет басшысының айтуынша, меймандардың форумға қатысуы елдер арасындағы мәдени-рухани байланыстарды нығайтуға әзір екенін көрсетеді. Президент еліміздің халқы әлемнің негізгі діндерін ұстанатынын айтты. Олардың арасында иудаизмнің орны ерекше. Ал еврей ұйымдары қоғамның ажырамас бөлігі ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясын дамытуға және нығайтуға зор үлес қосып келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев ашкеназ және сефард раввинаттарының көшбасшылары адамзатқа ортақ құндылықтарды ілгерілету жолындағы дінаралық диалогқа белсенді атсалыса беретініне сенім білдірді.

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА ТАПСЫРДЫ

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінде Қасым-Жомарт Тоқаев форумның бір топ қатысушыларына мемлекеттік наградаларды, Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығын, съездің құрмет медалін, сондай-ақ Ізгі ниет елшілерінің айрықша белгісін табыстады.

II дәрежелі «Достық» орденімен Дүниежүзілік даошылар федерациясының төрағасы (ҚХР) Ли Гуанфу, Somaiya Vidyavihar университетінің президенті (Үндістан) Самир Шантилал Сомайя; «Шапағат» медалімен Иран Ислам Республикасының Ислам мәдениеті және байланыстары ұйымының президенті Мухаммад Мехди Иманипур марапатталды.

Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығы БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Өркениеттер альянсы жөніндегі жоғары өкілі, БҰҰ ислам фобиясымен күрес жөніндегі арнаулы өкілі Мигель Анхель Моратиносқа берілді. Мысыр Араб Республикасының бас мүфтиі Назир Мұхаммед Аяд, Татарстан Республикасы Мұсылмандар діни басқармасының төрағасы Камиль Самигуллин, Тәжікстан Республикасы Улемдер кеңесінің төрағасы Саидмукаррам Абдукодирзода, Қасиетті Тақтың Дінаралық диалог дикастериясының префекті Джордж Джейкоб Кувакад, Израильдің бас ашкеназ раввині Кальман Бер, Дүниежүзілік буддашылар бауырластығының президенті Фаллоп Тайари, Халықаралық түркі мәдениеті ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев және т.б. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің құрмет медалімен наградталды.

№110 (4854) 18/09/2025 Бейсенбі

БІЛІМ БЕРУ НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Астана қалалық мәслихатының депутаттары алдағы сессияға дайындық аясында елорданың кәсіби-техникалық білім беру жүйесін жаңғырту тақырыбына арналған бірқатар нысандарды аралады. Бұл туралы Астана қаласы мәслихаты төрағасы Табиғат Зейнұлқабден хабарлады.



Негізгі назар кадрларды мақсатты даярлау мәселелері мен колледждерде білім сапасын арттыруға бағытталған КРІ енгізу жұмыстарына аударылды. Депутаттар колледждердің өндірістік базасымен, оқу кабинеттерімен, білім алу жағдайларымен және заманауи жабдықталуымен танысты.

–Бұл мәселелердің маңызы «Жұмысшы мамандықтары жылы» айрықша артып отыр. Бүгінде студенттерді даярлайтын көптеген мамандықтарға сұраныс жоғары – олардың қатарында токарьлар, дәнекерлеушілер, автослесарлар, электромобиль мамандары, флористер, тас қалаушылар, аспаздар, байланыс мамандары және басқа да бағыттар бар. Мұндай мамандықтар жас мамандарға болашағына сенімділік пен тұрақты жұмыспен қамтылуға жақсы мүмкіндік береді. Ертең депутаттар елорданың кәсіби-техникалық білім беру жүйесін жетілдірудің келесі қадамдарын талқылап, даму қарқынын орнында бағалау үшін оқу орындарын аралауды жалғастырады, – деді мәслихат төрағасы.

ҚАЛА БЮДЖЕТІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАРАЛДЫ





Кеше Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында елорданың 2025 жылға арналған бюджетіне енгізілген өзгерістер қаралды. Тиісті өзгерістермен қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Айжан Түгелбаева таныстырды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, аталмыш өзгерістер Мемлекет басшысының Жолдауындағы тапсырмаларға, елордаға әрі қарайғы әлеуметтік-экономикалық дамуына және басымдық берілген жобаларды іске асыруға сәйкес енгізілді.

Баяндамашы өз сөзінде қазір Астананың экономикалық дамуында оң нәтижелер байқалып жатқанын, соған байланысты жеке табыс бойынша жоспардың ұлғаю мүмкіндігін атап өтті. Қала басқармаларына қандай жұмыстарға қосымша қаржы бөлінетіні жөнінде айтты.

Әлеуметтік төлем алатын санаттардағы азаматтар елордада көбейіп отыр. Сол себептен Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қосымша қаржы бөлінді. Бұл қаражат біржолғы төлемге, мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдауға, әлеуметтік бейімдеуге, бірнеше орталықты, соның ішінде тұрмыстық көші-қон орталығын ашуға, медициналық мақсаттарға бағытталады.

Білім басқармасына «Жайлы мектептердегі» жұмыстарға жан басына шаққанда қаржыландыруға, оқулықтарды сатып алуға, мектепалды тәрбиеге, капиталдық шығындарға қосымша қаржы қарастырылды. Дене шынықтыру және спорт саласының дамуына, мәдениет саласына музыка және театр өнерлерін қолдауға, маңызды іс-шараларды өткізуге, тарихи-мәдени нысандарды сақтауға қосымша қаржы бөлінеді. Биыл елордада 3 жаңа кітапхана ашылды. Олардың қажеттіліктері де бюджетте ескерілді.

Сондай-ақ қосымша қаржы Дін істері басқармасына, Ішкі саясат басқармасына, Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармаға, Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына, елорда әкімдігіне қарасты басқа да мекемелерге маңызды жұмыстарға қосымша қаржы қарастырылды. Оның арасында инженерлік инфрақұрылым жұмыстары, құрылысқа қатысты істер, коммуналдық желілерді, жолдарды салу мен жөндеу, т.б. жұмыстар бар.

HR-САЛАНЫҢ ЦИФРЛЫҚ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?



Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде еліміздің HR мамандары үшін «HR цифрландырудың жаңа тәсілдері» тақырыбында Open Day өткізді. Мақсаты – кадрлық процестерді цифрландырудың заманауи құралдары туралы HR-қоғамдастықты ақпараттандыру, сондай-ақ мемлекеттік қызметте адами капиталды дамытуда инновациялық шешімдерді енгізу бойынша тәжірибе алмасу.

Кездесу барысында кадр жұмысын автоматтандыруға және цифрлық трансформациялауға арналған заманауи ақпараттық жүйелер, мемлекеттік қызметтің гибридті моделін қалыптастыруға бағытталған іске асырылып жатқан HR-жобалар ұсынылды.

«Бұл міндет Мемлекет басшысының Жолдауында жарияланған негізгі бастамалармен тығыз үндеседі. Атап айтқанда, Қазақстанды толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыру, жасанды интеллект саласындағы құзыреттерді дамыту, сондай-ақ мемлекеттік институттардың ашықтығы, тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін платформалық экономика мен үлкен деректерді кеңінен қолдануды қамтамасыз ету көзделіп отыр» деді Агенттік төрағасы Дархан Жазықбай.

Кездесу барысында қатысушылар Агенттіктің жұмысымен және өзекті міндеттерімен танысты. Орталықта мемлекеттік қызметке цифрлық іріктеу, сондай-ақ «e-Qyzmet» жүйесі және бірыңғай кадр жүйесі арқылы HR-процестерді автоматтандыру мәселелері егжей-тегжейлі ұсынылды.

Сондай-ақ ірі HR-жобалардың бірі – Президенттік жастар кадрлық резерві де таныстырылды.

Елордада аумақтық қорғаныс бригадасының әскери жиындары өтті. Аумақтық іс-шараның барысымен Астана қаласы мәслихатының депутаттары, өкілетті орган өкілдері танысты.

ӘСКЕРИЛЕР ӘЛЕУЕТІН КӨРСЕТТІ



– Жиынға 90 әскери міндетті – 17 офицер, 15 сержант және 58 сарбаз қатысты. Бақылау сапары аясында Астана қаласы мәслихатының депутаттары жиындардың барысымен танысып, қатысушылармен әңгімелесіп, дайындықтың үйлесімді ұйымдастырылғанына көз жеткізді. Аумақтық қорғаныс әскерлері 2017 жылғы 13 маусымда құрылған. Негізгі міндеті – халықты, инфрақұрылым нысандарын және коммуникацияларды қарсылас әрекеттерінен, диверсиялардан немесе терроризм актілерінен қорғау. Құрылған кезден бастап тек Астанада ғана 1,2 мыңнан астам әскери міндетті дайындықтан өтті, – деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Әскери жиын барысында әскери міндеттілер бірқатар жаттығуларды пысықтайды. Олар диверсиялық-барлау топтарын тосқауылдар, жасырын бекеттер және ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдану арқылы тойтаруды үйренеді. Сонымен қатар стратегиялық маңызды нысандарды – көпірлерді, станцияларды, жанар-жағармай қоймаларын күзету және қорғауды жүзеге асырады. Шартты қарсылас тарапынан қауіп төнген жағдайда елді мекендерді оқшаулау және тазалау шаралары жүргізіледі. Қала әкімдігі мен азаматтық қорғау қызметтерімен бірлесіп бейбіт тұрғындарды эвакуациялау және қорғау іс-қимылдары ұйымдастырылады. Әскери міндеттілер ұшқышсыз ұшу аппараттарының жаппай қолданылуына қарсы әрекет етуді, сондай-ақ аумақты бақылау, құжаттар мен көлікті тексеру және полициямен бірге қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуді пысықтайды.

Депутаттар жиын барысында әскери міндеттілердің киім-кешекпен, азық-түлікпен, медициналық қызметпен қамтамасыз етілетінін атап өтті. Олардың жұмыс орындары мен еңбекақысы сақталады, ал жұмыссыздарға жергілікті бюджет есебінен ең төменгі жалақы төленеді. Мұның барлығы жиынға қатысушылардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалуын қамтамасыз етеді.

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫС КОДЕКСІНДЕ НЕ ӨЗГЕРДІ?

«Астана онлайн» әлеуметтік жобасы аясында «Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру: Құрылыс кодексі – құрылыс сапасын арттырудың заңнамалық негізі» тақырыбында ақпараттық пікірталас бағдарламасы өтті. Тікелей эфирде жаңа Құрылыс кодексінің мәні, оның әзірлеу барысы туралы халыққа кеңінен ақпарат берілді.



Райхан РАХМЕТОВА

Бағдарламаға жоба жетекшісі, «Ұлттық құндылықтар академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әділхан Дүйсебек, Мәжіліс депутаты, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі Мұрат Әбенов, Мәжіліс депутаты, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Бақытжан Базарбек, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің департамент директоры Руслан Лепесов, «ҚазҚСҒЗИ» АҚ бас директоры Бегман Күлбаев және Астана қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов қатысты. Іс-шарада құрылыс саласындағы өзекті мәселелер мен заңнамалық реттеу тетіктері талқыланды. Атап айтқанда, «Құрылыс кодексі – құрылыс сапасына пәрменді бақылау орнатудың заңнамалық негізі», «Құрылыс саласындағы түйткілді мәселелер және заңнамалық тетіктерді жетілдіру», «Құрылысты жоспарлаудың және оған мониторинг жүргізудің ұлттық цифрлық платформасы», «ҚР жаңа Қала құрылысы кодексінің құрылым жобасын әзірлеу барысы» тақырыптарында пікірталас өтті. Руслан Лепесовтың айтуынша, 2022 жылы Президенттің тапсырмасымен Жаңа құрылыс кодексін әзірлеу жұмыстары басталған. Бүгінде Мәжілісте қаралып жатқан сол кодекс жыл соңында қабылданады.

– Жаңа құрылыс кодексінде бұрынғы заңдағыдай емес, адамның қауіпсіздігі мен жайлы жағдайы алдыңғы орынға қойылған. Құрылысқа қатысты халықтың жанайқайы, ұсыныстары мен сын-ескертпелері негізге алынған. Құрылыс сапасына тағылған сын бойынша мәселелерді шешу механизмдері қарастырылған, – деді Бақытжан Базарбек.

Бағдарламаға қатысқан елорда тұрғындары спикерлерге қаладағы құрылыстарға қатысты өзекті мәселелерді, өздері тұратын үйдің қиындықтарына байланысты жеке сұрақтарын қойып, заң аясында оны қалай шешуге болатыны туралы жауап алды.

№110 (4854) 18/09/2025 Бейсенбі



ТОҚТАМАЙТЫН ӨСУ: ҚАШАНҒЫ ҚЫМБАТТАЙ БЕРЕДІ?

Қазақстанда кейінгі жылдары қоғамды алаңдатып отырған ең өзекті мәселелердің бірі – азық-түлік бағасының тұрақсыздығы мен үздіксіз қымбаттауы. «Аграрлық елміз» деп ауыз толтырып айтқанымызбен, қарапайым халықтың күнделікті тұтынатын наны мен сүті, еті мен майы жыл санап емес, ай сайын шарықтап барады. Жалақының өсу қарқыны бағаның қадамын қуып жете алмай, әлеуметтік маңызы бар тауарлар қарапайым отбасының бюджетіне үлкен салмақ түсіруде. Бұл жағдай жұртшылықты «неге өз жерінде өндірілетін өнім халыққа қолжетімсіз болып барады?» деген орынды сауалға жетелейді.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

БАҒА ҚАЙДА БАРАДЫ?

2025 жылғы 26 тамыздағы деректерге сәйкес, еліміздегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы өткен жылмен салыстырғанда орта есеппен 12,6%-ға өскен. Бұл көрсеткіш қазақстандық отбасылардың күнделікті тұтынатын өнімдерінің бірқатарына айтарлықтай әсер еткенін аңғартады. Бағасы өскен өсімнің алдыңғы қатарында ет пен май тұр. Қой еті бір жылда 15,3%-ға, сиыр еті 13,2%-ға, ал құс еті 12,1%-ға қымбаттаса, күнбағыс майының бағасы 18,4%-ға өскен. Ұн мен нан бағасы аса қатты қымбаттамаған. Бірінші сортты ұн бағасы 4,5%-ға, ал бидай наны бағасы 6,3%-ға өскен. Қанттың 10,4%-ға, күріштің 12,3%-ға қымбаттауы да тұтынушылардың қалтасына әсер етпей қоймасы анық.

Жаз айларында көкөніс бағасы аздап төмендегенімен, қыс түсе қайта шарықтайтыны белгілі. Әсіресе, қысы ұзақ әрі қатал келетін Арқа өңірінде жағдай тіпті қиын: қаңтарға жетпей-ақ базар сөрелеріндегі көкөністің құны қайта қымбаттап шыға келеді. Неге? Оның да бір қанша себебі бар.

АҚШАСЫ ӘЛСІЗ ЕЛДЕ АЗЫҚ ТА ҚЫМБАТ

Қазақстандағы қымбатшылықтың алғашқы себебі – теңгенің құнсыздануы. Қазақстан азық-түлік өнімдерінің біршамасын шетелден тасиды. Қант, жеміс-жидек, құс еті, кейбір көкөніс түрлері – бәрі де импортқа тәуелді. Доллар қымбаттаса, дүкендегі баға да ілесе көтеріледі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жақында бұл жағдайды «ұят» деп атап, үкіметтің негізгі міндеті – ішкі нарықты отандық өнімдермен толықтыру және қазақстандық тауарлардың экспортын дамыту екенін айрықша атаған болатын.

– 100% өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкін емес және оған ұмтылу да қажет емес. Бірақ қазіргі біздің нарықтағы жағдай – бұл ұят нәрсе. Сол үшін логистика, ветеринарлық және эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып, аграрлық экспорттың нақты жоспары жасалуы тиіс, – деді Тоқаев. Демек, теңгенің құнсыздығы мен азық-түлікпен қамтамасыз етудегі импортқа тәуелділік – қымбатшылықтың негізгі себептерінің бірі болып отыр. Ұлттық валютаның әлсіреуі сырттан әкелінетін тауардың құнын еселеп жіберсе, ішкі өндірістің жеткіліксіздігі қарапайым халықты шетелдік өнімге телміртіп қойды. Бұл – аграрлық әлеуеті зор ел үшін шынымен де ойланарлық жағдай.

Азық-түлік бағасының үздіксіз көтерілуін тек сыртқы факторлармен ғана байланыстыруға болмайды. Ішкі өндірістің әлсіздігі, аграрлық саланы жүйелі қолдаудың жетіспеуі де жағдайды күрделендіріп отыр. Егер мемлекет шын мәнінде жергілікті өнім өндірушілерге қолдау көрсетіп, логистиканы реттеп, нарықты теңгерімді дамытса, қазақстандықтар «импортқа телмірмей», өз жерінде өсірілген өнімді қолжетімді бағамен тұтына алар еді.

ӨНДІРУШІДЕН ТҰТЫНУШЫҒА ДЕЙІНГІ ҰЗАҚ ЖОЛ

Азық-түлік бағасының қымбаттауындағы екінші себеп – өнімнің тұтынушыға жеткенше бірнеше қолдан өтуі. Яғни әр делдал үстінен пайда қосады да базардағы картоп пен сәбіздің, ет пен сүттің бағасы көтеріліп шыға келеді. Мәселен, қазір ауылдарда сиыр етінің бағасы 2800-2900 теңге төңірегінде болса, қалаға жеткенде 4000, тіпті 4500 теңгеге дейін шарықтайды. Ал қойма, сақтау орындары жетіспегендіктен, қыс түсе бере көкөністі шетелден тасимыз. Бұл – тағы да қосымша шығын.

2023 жылдың басында елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңес отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың азық-түлікті Алматыдан 4 есе, ал Шымкенттен 2 есе аз өндіретінін, барлық өңірмен салыстырғанда қала бұл көрсеткіш бойынша соңғы орында тұрғанын, кейінгі 8 жылда елордаға әкелінген азық-түлік импорты 3 есеге артқанын, көкөніс сақтайтын қойманың жетіспеуі салдарынан жағдай қиындап отырғанын баса айтып, «2025 жылға дейін қалада 13 мың тоннадан астам көкөніс сақтайтын қоймалар салу керек» деп тапсырма берген еді. Сол қоймалар түгел салынды ма, жоқ па, ол жағы бізге де күңгірт, бір анығы көкөністің де, басқа азық-түліктің де бағасы үздіксіз өсуін тоқтатқан жоқ.

«АГРАРЛЫҚ ЕЛДІҢ» ПАРАДОКСЫ

Қазақстан – жері құнарлы, даласы кең, малға да, егінге де қолайлы ел. Бірақ ауыл шаруашылығын дамытуда әлі күнге дейін ескі тәсілдер қолданылып келеді. Заманауи техника, жаңа технология аз. Шағын шаруаларға берілетін жеңілдетілген несие қолжетімсіз, оны мал өсіріп отырған қарапайым халық мүлде ала алмайды, яғни үкіметтен қосымша қаражат алу үшін шағын шаруа қожалығы, мал бағатын жері болуы шарт. Қарапайым халықтың бәрінің оған мүмкіндігі жете бермейді.

Өзімізде бар, өзіміз өндіретін ел болғанымызбен, біздің елде жем-шөп пен жанармай қымбат. Соның салдарынан жергілікті өнімнің өзі қымбатқа түседі. Бұрын бір тіркемесі 20-25 мың теңге болатын шөптің бағасы қазір 80-100 мың теңгеге дейін көтерілді. Әрине, мал азығы өссе, ет пен сүт те қымбаттайтыны табиғи. Алдағы жылда еттің бағасы 5000 теңгеге дейін көтеріледі деген болжам да осыған байланысты айтылған. Ең сорақысы – нарықтағы ірі ойыншылардың үстемдігі. Қант, ұн, күнбағыс майы секілді негізгі өнімдер – бірнеше компанияның қолында. Олар бағаны келісіп көтеретін жағдайлар да аз емес. Нәтижесінде қарапайым халық зардап шегеді.

Әрине, билік азық-түліктің кейбір түрлеріне уақытша шекті баға қояды. Бірақ бұл – ауруды емдемей, тек уақытша басып тұрған дәрідей ғана. Нарық заңы бар жерде әкімшілік әдіс ұзаққа бармайды да, баға қайтадан «шарықтап шыға» келеді.

Қазақстанның ет, бидай және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдеріне шетелдің сұранысы жылдан жылға артып келеді. Өйткені біздің өнімдер экологиялық тұрғыдан таза, органикалық болып саналады. Бұл, бір жағынан, қуантарлық жайт, еліміздің экспорты өсіп, шаруалардың табысы артады. Алайда екінші жағынан, шетелге көптеп өнім жөнелтілуі ішкі нарықтағы ұсынысты азайтып, бағаның көтерілуіне алып келуі ықтимал. Әсіресе, Астана, Алматы сияқты ірі қалаларда азық-түлік бағасы қымбаттай береді. Маусымаралық кезеңдерде тапшылық туындауы да мүмкін. Шетелдік сатып алушылар жоғары баға ұсынып отырғандықтан, отандық өндірушілер ішкі нарыққа емес, сыртқа сатуға ынталанады. Сондықтан мемлекет ішкі нарық пен экспортты тең ұстау саясатын жүргізуі тиіс. Ол үшін: Стратегиялық азық-түлік қорларын қалыптастыру; Ішкі нарыққа белгіленген көлемде өнім қалдыруға міндеттеу; Шаруаларға қосымша субсидия беріп, ішкі нарыққа өнім өткізуді ынталандыру қажет.

Біз жаһандық экономикадан бөлініп өмір сүре алмаймыз. Әлемдік дағдарыс, соғыс, санкция, тасымалдағы түйткіл – барлығы біздегі азық-түлік бағасына да әсер етеді. Ресейдегі қант тапшылығы, әлемдік астық бағасының өсуі, көрші елдердегі логистикалық қиындық – бәрі бізге де өз әсерін көрсетіп жатқаны тағы бар.

P.S: ***Азық-түлік бағасының қымбаттауын тек бір ғана себеппен түсіндіру мүмкін емес. Бұл – ұлттық экономиканың әлсіздігі мен жаһандық ықпалдардың қосындысы. Шешім бар ма? Бар. Ол үшін ауыл шаруашылығын жаңғырту, фермерді қолдау, бәсекелестікті арттыру қажет. Әйтпесе, «астықты ел» атансақ та, қарапайым дастарқан қымбатшылықтың қысымынан шыға алмайды.***

ХАЛЫҚ ӨҢІРЛЕРДЕН НЕГЕ КӨШІП ЖАТЫР?

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев кешегі Жолдауында «Ішкі және сыртқы көші-қон үдерісінің бақылаусыз қалуы ірі қалаларымыздың инфрақұрылымына орасан салмақ түсіріп отыр. Жұрттың өңірлерден не себепті тоқтаусыз көшіп жатқанына мұқият талдау жүргізіп, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан баламалы орталықтар құруға бағытталған шұғыл шешімдер қабылдау керек» деп атап өтті.

Бүгінде еліміздің 15 өңірінде ауыл халқы санының айтарлықтай азаюы тіркелуде. Оның ішінде ең жоғары көрсеткіштер Абай облысында 3,2%-ды, Солтүстік Қазақстан облысында 3%-ды және Қарағанды облысында 2,9%-ды құрап отыр. Ағымдағы жылдың 1-жартыжылдығында 383 мың қазақстандық қоныс аударса, олардың басым бөлігі Астана мен Алматыға қоныс тепкен. Соңғы 20 жылдың ішінде елімізде 1400-ден астам ауыл жойылып кетті, ал Үкіметтің бағалауы бойынша тағы 500 ауылдық елді мекен «перспективасы жоқ» елді мекендер қатарына енгізіліп отыр. Ал бұл дегеніміз – адамдардың тағдыры, жабылып қалған мектептер мен медициналық пункттер, иесіз қалған ауылда жалғыздықта өмір сүріп жатқан қариялар, болашағын ауылдан емес, қалада іздеуге мәжбүр болған жастар.



Негізгі себептері баршамызға мәлім: ауылда заманауи қолайлы тұрғын үйлер жоқ, инфрақұрылым әлсіз, адамдарға жұмыс жоқ, әлеуметтік қолдау да жеткіліксіз. Жастарымыз да өз болашақтарын ауылмен байланыстырмайды!

Ал басқа елдердің тәжірибесі ауылдарға нақты қолдау көрсетуге болатынын дәлелдеп отыр. Мәселен, Ресейде 2020 жылдан бері «Ауыл ипотекасы» бағдарламасы жұмыс істейді, ол бойынша жылдық 3%-ға дейінгі мөлшерлемемен 25 жылға кредит беріліп, бүгінде 100 мың отбасы ауылдан баспанаға ие болған. Әзербайжанда мемлекет ауылдық жерлерде 4%-дық кредитпен үйлер салып беруде. Тағы да басқа мысалдар келтіруге болады.

Бізде «Асыл мекен» ауыл ипотекасы іске қосылды, бірақ ол басталмай жатып тоқтап қалды. Оның үстіне, көптеген ауылдарда сатып алатын үй де жоқ: жаңа тұрғын үйлер салынбаған, нарықта ұсыныстар жоқ. «Ауыл» партиясы фракциясы ауылды қайта жаңғыртуға арналған кешенді ұлттық бағдарлама қабылдау мәселесін алға қойып отыр, ол ең алдымен, мемлекеттік бағдарламалар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы ауыл тұрғындары үшін қолжетімді тұрғын үй салуды жеделдетуді; ауыл ипотекасын 1%-бен іске қосуды; әлеуметтік және коммуналдық инфрақұрылымды дамытуға жаңа серпін беруді қамтиды. Ауыл тұрғындары күн сайын қарапайым өмір сүру жағдайы үшін күреспеуге тиіс; сондай-ақ «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын жаңа мемлекеттік қолдау шараларымен толықтыруды қамтиды.

Сонымен қатар, ауыл экономикасын дамыту керек, яғни, фермерлік шаруашылыққа, кооперацияға, қайта өңдеуге қолдау көрсетіп, елдегі 1,5 миллионнан астам жеке қосалқы шаруашылықты экономикалық айналымға тарту қажет. Бүгінде олар ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 70%-дан астамын өндіруде. Депутаттармен кездесулер кезінде фермерлер бірінші кезекте мамандандырылған Агробанкті құру және квоталарды ұлғайтып, өтінімдерді қарау мерзімдерін 2 айдан 10 жұмыс күніне дейін қысқарту арқылы маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарына шетелдік жұмыс күшін тартуды оңайлату және мемлекеттік бажды жеке тұлғалар үшін қолданылатын деңгейде белгілеу мәселелерін шешуді сұрайды.

Серік ЕГІЗБАЕВ,
Мәжіліс депутаты

№110 (4854) 18/09/2025 Бейсенбі

Аяған Сандыбай – елімізге белгілі журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Ол – баспасөздің барлық саласында, яғни, газет-журналда, ақпарат агенттігінде, телерадио корпорациясында, жоғары мемлекеттік органның баспасөз қызметінде және баспада жемісті жұмыс жасап, мол тәжірибе жинақтаған білікті маман. Бұл саланың қыр-сырын терең біледі. Бірқатар кітаптардың авторы. Әріптестері Аяған Сандыбайдың аудандық газеттің әдеби қызметкерінен «Қазақстан» телерадио корпорациясының бірінші вице-президенті, ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрінің орынбасары лауазымына дейін көтерілген саясаткер, қайраткері ретіндегі еңбек жолына жоғары баға береді. Кезінде «Астана ақшамы» газетіне редакторлық еткен, мерейлі жастың белесіне абыроймен көтерілген әріптес ағамызға мол жақсылықтар тілей отырып, сұхбатын жариялаймыз.



Аяған САНДЫБАЙ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

БАСПАСӨЗДІҢ БҰҚАРАЛЫҚ МӘНІ КЕМІП КЕТТІ

– Аяған Өтенұлы, баспасөздің беделі қазір қандай деңгейде?

– Бүгінгі таңда журналистика саласы толыққанды болмай тұр. Ақпарат құралдары үгіттеумен айналысып кеткендей. Кейде сол жетістіктерді насихаттауға да деңгейлері жетпей жатады. Өйткені БАҚ арасында бәсекелестік жоқ. 2005 жылдан бастап газеттердің қатары сиреп келеді. «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Ана тілі», «Түркістан», «Жас Алаш», «Жас қазақ», «Казахстанская правда», «Время», «Литер» және басқа санаулы басылым ғана оқырман қолына тиеді. Мысалы, біз бұрын «Ленинская смена», «Лениншіл жас» журналистерінен қалмаймыз деп талпынатын едік қой. Қазір ондай жарыс, бәсеке жоқ. Сол «Ленсмена» – Экспресс К», «Караван», «Алаш айнасы» сияқты басылымдар жабылып қалды. Бұрынғыдай шығармашылық бәсеке жанрлық жаңалықтар, ізденістер, жаңа тұрпатты кейіпкер табуға деген құлшыныс жоқ. Бүгінгі таңда біздің басылымдарда тек қана екі жарым жанр бар деп айтуға болады. Ол қысқа хабар және оның көлемді түрі – корреспонденция және сұхбат. Басқа жанрлар ұмыт қалған деуге болады. Очерк, суреттеме, репортаж, фельетон, эссе, рецензия, нон-фикшн, шұғыл-сұрау салу дегендер жайына қалды. Ең керегі сараптамалық материалдар жазу да біртін-біртін қалып барады. Өйткені ол жанр үлкен зерттеуді, көп еңбек етуді талап етеді. Журналист мәліметтерді айлап жинайды, ол тек дәйекті деректер болуы керек. Дегенмен қазір қандай өзекті мақала жазса да, оған қарайтын, жауап беретін ешкім жоқ. Сондықтан, ең өкініштісі, баспасөздің пәрмені төмендеп кетті. Егер саған тиісті билік орындарынан ешкім жауап бермесе, қоғамда пікірталас туғызбаса, барлық жұмысыңның босқа кеткені! Мықты журналист екі-үш рет жазар, содан кейін меселі қайтады. Ондайды өз басымнан да өткердім.

Егер журналистердің жазғанына мән беріп, қорытынды шығарып қарап отырған билік болмаса, газет-журналдардың беделі түседі. Бұрын «Неге пәрменсіз?» деп сұрайтын. Кеңес өкіметі кезінде сондай талап болды. Қоғамда резонанс тудырмаған материал редакция басшылығы тарапынан сынға ұшырайтын еді. Біз сондай мектептен өттік. Қазір құзырлы органдар ең өткір мәселелерге де жауап бермейді.

Баспасөзге абырой бермейтін тағы бір жағдай. Бұрын қалыптасқан дәстүр бойынша медиа саласы бір оқиғаны болған кезде ғана жазатын еді. Мысалы, жаңа зауыт ашылды, алғашқы өнімдерін шығарды. Сол күні ақпарат берілетін-ді. Немесе қомақты өндіріс пайдалануға берілгенде ғана жазатынбыз. Бүгінде мүлдем басқаша. Әлі қолға алынбаған істі халыққа жариялап жібереді. Айталық, «Біз осы жерде үлкен құрылыс салатын боламыз!» деп әлемге жар салады. «Келесі жылы осындай жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз» деп басшы өз сұхбаттарында айтуына болады. Ал бүкіл журналисті жинап, әлі қаржысы бөлінбеген жобаны саламыз деу асыра сілтеу сияқты. Сондай жоспарлардың қаншамасы іске аспай қалғаны белгілі. Мұндай ақпаратты оқыған оқырман «Бұл тағы да кезекті өтірік қой!» дейтін жағдайға жеттік. Жалпы, әлі іске аспаған дүниені «болады» деп баспасөз бетінде айту сенімсіздік туғызады. Бұл баспасөздің беделіне нұсқан келтіреді.

Кеңес уақытында «оқиға болды!» деген қағиданы ұстандық. Әлі есімде. Алматыда Көктөбе жотасындағы телемұнара салынғанда оның ұшар басындағы «найзасын» жаз айында түнгі сағат 3-те тікұшақпен қондырды. Күндізгі уақытта ыстықта мұнара қисайып кетуі мүмкін, негізгі тірек болатын бөлшектері өзгерістерге (деформацияға) түсуі ықтимал деп түнде бекітті. Мен сол түні ТАСС агенттігі арқылы «Қазақ телевизиясының телемұнарасы күміс жебедей көкке ұмтылды. Бұл – Орталық Азиядағы ең биік телемұнара!» деп басталатын ақпарат жібердім. Осы жаңалық жарты сағаттан соң, бүкілодақтық радиодан дүйім жұртқа жария етілді. Сондай-ақ орталық және басқа телеарналар да сол ақпаратты таратты. Ол нақты сол уақытта берілген және ел сенетін хабар болды.

– Тағы қандай кемшіліктер орын алуда?

– Қазір сын материалдар аз деп айтуға болады. Газет пен журнал оқырманды тарта білуі үшін оның ішінде жүрекке жылы тиетін суреттеме болуы тиіс. Бүгінде мемлекет қайраткерлері туралы мақала көп жазылады. Ол тұлғаның қашан, қайда дүние келгені, қайда оқығаны және қандай лауазымдар атқарғанын тізіп шыққаннан не мақала, не очерк болмайды. Мұндай дүние ешкімге қызықты емес! Жазған адам мен мерейтой иесінің өзі ғана «сүйсініп» оқитын өткен кезеңдердің тізбесі болып қала бермек. Ал оның азаматтық тұлғасы қалай қалыптасты, қандай өмір мектебінен өтті, кедергілер мен қиындықтарды жеңе білгені, кейінгі толқынға үлгі боларлық қасиеттері мен істері арқылы адамның портретін жасай білуіміз керек қой! Жазып отырған адамының жақсы қасиеттерін, ерекше қабілетін жеткізе білумен қатар, тағы бір маңызды жайт бар. Журналист үшін оқырманнан айырылып қалмау өте маңызды! Мақаланың бірінші жолынан соңына дейін оқуына ықпал ететін бір тәсіл бар. Оқырманды ұстау үшін танымдық жолдарды қосуың керек. Айталық, тарихи параллельді пайдаланған жөн. Тұлғаның өмір және еңбек жолын тарихи оқиғалармен байланыстыра білгенің абзал. Сонда ол оқырман үшін тартымды болады әрі есінде қалады. Ең болмаса, қызықты жайттар қамтылып, ой туғызатын әсерлі жолдар керек. Сонда ғана очеркің «сөйлеп» кетеді! Тіл байлығын пайдалана білу керек. Болмағанда оқырманға бір ой туғызатын жариялаым болғаны жөн.

Біз – газет-журнал оқып өскен заманның ұрпағымыз. Әр адам қолына алған басылымның бастапқы бетінен соңғы бетіне дейін оқып шығатын-ды. Ал қазір бір тұлға туралы жазылған мақаланы оқи қалсаң, ол публицистикалық материал емес, көлемі ұлғайтылған мақтау қағазының мәтіні сияқты! Міне, оқырманнан айырылудың бір жолы – осы. Сондықтан да қазір газет бетінен өткір сыни немесе шынайы сараптама материалдарды көп кездестіре алмайсың. Баспасөз билік құрылымдарының тапсырысы, мүддесі үшін ғана қызмет ететін құралға айналып кеткендей.

Мен БАҚ саласындағы көкейкесті мәселелерді айту үшін алдағы басқа қызметке ауысқан екі министрге кірдім. «Бүгінгі баспасөзді дамытуға не қажет?» деген сұрақ төңірегіндегі ойларымды үш параққа жазып алып бардым. Сала басшыларына: «Газет, журнал мемлекет пен халықтың қаражатына шығып жатыр. Пайдалы, тиімді баспасөз болуы керек қой. Өркениетті мемлекет құруымызға көмектесуі қажет» деп айттым.

Израиль – шағын ғана мемлекет. Ол елде мынадай жақсы дәстүр болған. Жыл бойына шыққан кем дегенде 5-6 мықты сын материалды ел Парламенті – Кнессеттің отырысында қарайды екен. Жан-жақты талқылай келіп, депутаттар тиісті шешім қабылдайды. Мәселен, ауыл шаруашылығын алайық. Мал өсіруде кемшілік бар деп сынады делік. Сын мақалада қалай өзгерту туралы ұсыныстар да жазылады ғой. Бұл мәселені зерттеп, қандай көмек көрсету керек, соған орай мемлекет деңгейінде шешім қабылданады. Нәтижесінде журналист жазған салаға оң өзгерістер жасалады. Міне, ортақ мүдде, бір мақсат деген осы! Өкінішке қарай, осы мысалды мен жиі айтып та, жазып та жүрмін. Бірақ «естітін мемлекет» тағы да естімей жүр. Біздің елде де осындай бастаманы қолға алсақ, оның пайдасы мол болатыны сөзсіз.

> Егер журналистердің жазғанына мән беріп, қорытынды шығарып қарап отырған билік болмаса, газет-журналдардың беделі түседі. Бұрын «Неге пәрменсіз?» деп сұрайтын. Израиль – шағын ғана мемлекет. Ол елде мынадай жақсы дәстүр болған. Жыл бойына шыққан кем дегенде 5-6 мықты сын материалды ел Парламенті – Кнессеттің отырысында қарайды екен. Жан-жақты талқылай келіп, депутаттар шешім қабылдайды

Біздің журналистер сын мақалада өзі зерттегенін, қолға түскен деректер бойынша жазады. Мүмкін толық картинаны бере алмайтын шығар? Енді Үкімет, министрлік оған мән беріп, сынға ұшыраған саланы жан-жақты зерттеп қарау керек қой. Бұл іске ғалымдарды, тиісті мамандары тарту қажет. Сараптамалық материал дайындап, бір шешімге келетін болса, ұтарымыз көп. Мемлекеттік бағдарламаға өзгерістер енгізіп, орындаушыларға жіберіп, оның жүзеге асуын қадағалаған дұрыс болады. Кешенді бағдарламаларды қалай орындау керек? Сол жөнінде келелі талқылаулар болғаны жөн.

– Осындай жайттарға ерекше назар аудару үшін не істеу керек?

– Әрине, ортақ іске бәрі де үлес қосуы қажет. Президент Әкімшілігі де, Үкімет те, Парламент те сын материалдарға баса назар аударуы тиіс. Ол елеусіз қалмауы керек. Айталық, Мемлекет басшының құзырындағы және соған тікелей жауап беретін бір шағын құрылым құрылса орынды болмақ. Ол мекеменің қызметкерлері газет, журнал радио мен телеарналарда шыққан материалдарға сараптамамен бақылап отырса, өткір материалдарға талдау жасап, сынға іліккен лауазымды тұлғалардың жауап беруіне ықпал ететіндей шешім шығарылуына алып келуі керек деген ұсыныс жасадым. Сын мақалада кім кінәлі екені де жазылады. Мысалы, бұрынғы кездегідей өндіріс орнында кемшіліктердің орын алуына бас директор не басқа тұлға кінәлі болса, мақала жарияланған газетке, не басқа БАҚ-қа жауап беруі тиіс. Жауап бермей, қозғалмай отырса, аталған құрылым неге жауап бермей отырғанын сұрауы қажет. Керек десеңіз, ықпалды болуы үшін осындай комиссияны Президент жанынан ашу керек. Сонда қоғамда үлкен серпіліс пайда болады. Жауап бермеген мекеме басшыларына тиісті шара қолдануға дейін баруы қажет. Жалпы, баспасөзге шыққан сын мақалаға жауап бермеу – мәдениетсіздік. Кейде оған қоса кемшілікті, ұрлықты, жемқорлықты, тағы басқа қылмыстарды жұртшылыққа білдірмеудің жолы. Ал егер мекеме басшысының жұмысы ашық, қолы таза болса, оны журналист жөнсіз сынаған болса, онда мақалада келтірілген деректер бойынша барлық мән-жайды дәлелдеп беруі керек. Тіпті сотқа жүгінуіне де болады.

Қазір бізде телеарналар мен радиолар көп. Сайттар мен әлеуметтік желі арқылы ақпарат тарататындар да көбейді. Телеарналарда көбіне шоу бағдарламалар, ойын, әзілқалжыңдар. Әрине, көңіл көтеру бағдарламасы болғаны жөн. Ол да – халыққа ұсынатын өнімнің бірі. Сонымен бірге көрерменді ойландыратын телебағдарламалар көбірек болса.

– Біздің баспасөзде біржақтылық белең алып кетті. Тек басшы қызметте жүргендерді дәріптей береді. Солардың көлдей сұхбаттары жарияланады. Осы дұрыс па?

– Ең дұрысы, бірінші кезекте қажырлы жұмыс жасап жүрген ел ішіндегі адал іскерлердің, қатардағы мұғалім, дәрігер, қарапайым адамдардың еңбегі жоғары бағалануы тиіс. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл бағыттағы ұстанымы халықтың қолдауына ие болуда. Қазір еңбек адамдарына құрмет көрсету үрдісі қалыптасып келеді. Қаншама отандастарымыз жоғары мемлекеттік марапаттарға ие болуда. Енді осы бағытты дамыта беру керек. Баспасөзде еңбек адамдары туралы көп жазылуы тиіс. Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Бұл дер кезінде қолға алынған бастама деп ойлаймын.

Менің ойымша, баспасөз бұқаралық мәнге ие болуы керек. Еңбек адамдарының, қарапайым азаматтардың өзекті мәселелерін зерттеп, өткір тақырыптарды көтере білсе, халықтың қолдауына ие болатыны анық. Медиа саласы қоғам мүддесі үшін қызмет жасауы керек. Баспасөздің тәуелсіз мемлекетімізді дамытуға және халқымыздың әл-ауқатын арттыруға қосар үлесі қандай десек, міне, осы әлсіз тұсымызды күшейтіп алуымыз қажет-ақ! Сонда ғана шынайы, өркениетті, әділ де ашық мемлекет бола аламыз.

Қазақстанның білімді, ақылды, парасатты, мәдениетті азаматын қалыптастыруда баспасөздің рөлі айрықша! Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген ғажап сөзі бар ғой. Сол сияқты ел боламыз десек, халықтың көзі мен құлағы болып отырған баспасөзімізді түзеуіміз қажет!

– Қоғамның басты дерті қандай?

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары баспасөз алдында негізгі үш мақсат тұрды. Біріншіден, БАҚ арқылы жалпыға ортақ құқықтық мәдениетті қалыптастыру, екіншіден, көпұлтты ел болған соң, ұлтаралық келісімді нығайту және үшінші бағыт – кешегі кеңестік жүйеде өсіп-жетілген азаматтардың нарық экономикасына бейімделуіне белсенді атсалысу қажет. Осы үш саланы насихаттау басты міндетіміз болды.

30 жыл ішінде рухани-мәдени құндылықтарымыздың жас ұрпаққа сіңіру барысында кемшіліктер орын алды. Халқымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тағылымды тәрбиесіне терең мән бермей кеттік. Мысалы, ұят, ар, намыс деген адам бойындағы асыл қасиеттерді дәріптеу керектігі ұдайы айтылмады. Соның салдарынан министрлер, басқа да лауазымды басшылар ұры, жемқор, бюджет қаржысын жымқырушы болып шығады. Мемлекеттік қызметкер деген атақты әрдайым абыроймен алып жүретін азаматтардың сиреп бара жатқаны өкінішті. Қазіргі жастар министр, комитет төрағасы болайын деп талпынбайды. Өйткені олардың санасында төрде отырған «ағашкалар» жемқорлар, өзінің тума-туыстарын жинап алған сыбайластар болып көрінеді. Сөйтіп, мемлекеттік қызметкердің беделін, деңгейін түсіріп алдық.

– «Кітап оқитын ұлт» жобасы туралы не айтасыз?

– Бүгінде әлеуметтік желілердің пайдасы мол. Дегенмен сондай артықшылықтарымен қатар оның бәсекеге қабілетті ұрпақты қалыптастыруда қауіп төндіретін жағы да бар. ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты жүргізген сауалнамаға сәйкес, республиканың барлық өңірлеріндегі 2000 респонденттің көпшілігі кітап оқымайды екен. Отандастарымыздың 52,6 пайызы қағаз кітаптарды мүлдем оқымайды. Өкінішке қарай, статистика жас топтарына орай шынайы жағдайды үнемі объективті түрде көрсете бермейді. Алайда Қазақстан жастарының ортақ мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын кітап оқуға деген ынтасының төмен болуы бізді қатты алаңдатады. Өйткені кітап ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды сақтап, арттырып қана қоймай, мемлекетімізді дамытуға және нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз. Осындай рухани апаттың алдын алу мақсатында, мәселен, Австралияда да балалардың смартфонды пайдалануына тыйым салатын заң қабылдануда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы 17 маусымда Түркістан қаласында өткен Ұлттық Құрылтайдың II отырысында: «Шын мәнінде, кітап оқитын ел зиялы ұлтқа айналады. Біз жас ұрпақтың кітапқа құштарлығын оятуымыз керек. Бұл қиын мәселе екенін түсінемін. Әсіресе, олардың бар назары әлеуметтік желіде болған кезде, тіпті, қиын. Бірақ біз бұл мәселемен айналысуымыз керек. Басқа жол жоқ» деп ашық айтты. Бұл – біздің қоғамды, әсіресе, ата-аналарды ойландыратын өзекті мәселе.

Сұхбаттасқан
Айбатыр СЕЙТАҚ,
журналист

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІНІҢ» КЕЛЕШЕГІ ЖАРҚЫН

Президенттің тапсырмасымен «Келешек мектептері» жобасы аясында ашылған жаңа білім ордалары оқыту бағдарламасының ерекшеліктері және заманауи жабдықталуы жағынан бала үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл білімді де саналы ұрпақ тәрбиелеуде, оқушыларды жан-жақты дамытуға жағдай жасайтын инновациялық орта құруда маңызды қадам болды. Солардың бірі – Астана қаласындағы №116 Келешек мектебі.





Сұлтан СЕЙІТ

Райхан РАХМЕТОВА

Мектептің оқу-тәрбие процесіне енгізілген цифрлық және шығармашылық шешімдер, заманауи үйірмелер мен қосымша білім беру бағыттарының баланы жан-жақты дамытудағы ықпалы зор.

– «Келешек» мектебі» – еліміздегі жаңа форматтағы инновациялық мектептердің бірі. Біздің мектеп осы жаңа оқу жылында іске қосылды. Бүгінгі таңда 2877 оқушымыз бар.



Оларға 121 педагог сабақ береді. Сонымен қатар бізде ерекше балаларға арнайы жағдай өте жақсы жасалған. Мектебімізде 1-8 сыныптар бойынша 50 оқушы ерекше білім беруді қажет етеді. Бұл балалармен педагог ассистенттер, логопедтер, психологтар, әлеуметтік педагогтар, дефектологтар жұмыс істейді. Мектептің кадрлық жағдайы тұрақты. Бәрі де конкурстық негізде жұмысқа алынды. Ішінде жоғары санатты мұғалімдер үлесі басым. Соның ішінде 2 шебер-педагог, 25 зерттеуші, 26 педагог-сарапшы ұстаздарымыз бар. Алда жоспар көп. Бұл жерде маңызды жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи жабдықталған кабинеттер мен жабдықтар жеткілікті. Әртүрлі бағыттағы жобаларды жүзеге асырамыз, – дейді мектеп директоры Эльмира Ілиясова.

Оның айтуынша, мектепке енгізілген «Адал азамат» бағдарламасының 6 жобасы да білім ошағында жүзеге асырылмақ. Соның ішінде «Балалар кітапханасы» жобасына басымдық беріп, оны мектеп бойынша үш негізгі бағытта дамытуды көздеп отыр. Бір бағыты «Оқуға құштар мектеп» бойынша балаларды үш буынға бөліп кітап оқытады. Аталған мектепке елордадағы бұрынғы үш ауысымдық мектептерден және басқа өңірлерден келіп жатқан оқушылар көп. Солардың бірі Батыс Қазақстан облысынан келген Бектөре Құдірет 9-сыныпқа қабылданды.

– Мектептің сыртқы және ішкі келбеті әдемі, спорт залдары да жақсы екен, бәрі ұнап жатыр. Информатика кабинеттері де жақсы жабдықталған. Мұғалімдері де білім беру тәсілі жағынан ерекше. Бұрынғы оқыған мектептен әлдеқайда артық. Жайлы мектепте жоғары сапалы білім аламыз деген үміт зор, – дейді ол.

«Келешек мектебінің» негізгі ерекшеліктері: сапалы білім беру, білікті мұғалімдер құрамы, инфрақұрылымы жетілдірілген, мектеп заманауи жабдықтармен, смарт кабинеттермен, IT, STEM, робототехника сыныптарымен жабдықталған. Құндылықтарға негізделген тәрбие: адалдық, патриотизм, еңбекке баулу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Қауіпсіз орта: бейнебақылау, күзет, санитарлық талаптарға сай жағдай жасалған. Әлеуметтік қолдау: көмекке мұқтаж оқушылар үшін мектеп тарапынан қолдау шаралары қарастырылған.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

05.09.2025 №510-3102

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласы сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының 2025 жылғы 6 тамыздағы №7199-25-00-4а/968 қаулысының негізінде, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне «Көше» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Кеңесары көшесі, №8Д учаске мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0157 га, бағбандық үшін, Исабэл Искаковаға жеке меншікке тиесілі, кадастрлық нөмірі 21-319-021-364 жер учаскесі 2025 жылғы 10 қарашадан бастап 2026 жылғы 10 қарашаға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иесіне мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелсі және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта алып қойылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иесі алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

10.09.2025 №510-3189

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Әкім Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «10» 09
№510-3189 қаулысына
қосымша

Өзгерістер енгізілетін Астана қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 24 қазанадғы № 197-1986 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2022 жылғы 1 қыркүйектен 2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 5 шілдедегі № 510-2259 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 23 қыркүйектен 2025 жылғы 23 қыркүйекке дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 3 шілдедегі № 510-2205 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 2 қыркүйектен 2025 жылғы 2 қыркүйекке дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

4. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 15 қантардағы № 197-62 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 1686-жолға «Кошелев Леонид Алексеевич» сөздер «Иваненко Надежда Леонидовна, Кошелев Василий Леонидович, Кошелев Максим Леонидович, Кошелев Михаил Леонидович, Кошелев Николай Леонидович, Кошелева Любовь Леонидовна, Кошелева Светлана Викторовна» деген сөздермен ауыстырылсын:

«Құқық» деген бағанда:

реттік нөмірі 1686-жолға «12.11.2024 жылға дейінгі ұзақ мерзімді жер пайдалану» деген сөздер мен сандар «12.11.2024 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ортақ үлестік жер пайдалану» деген сөздермен және сандармен ауыстырлсын.

5. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 31 шілдедегі № 510-2592 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 2-жолға «Қөкен Алмас Амантайұлы» сөздер «Рамазан Азамат Болатұлы, Рамазан Зарина Хамитовна» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Құқық» деген бағанда:

реттік нөмірі 2-жолға «Жеке меншік» деген сөздер «Ортақ бірлескен меншік» деген сөздермен ауыстырлсын.

6. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 21 шілдедегі № 510-2405 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Жер учаскесінің орналасқан жері» деген бағанда:

реттік нөмірі 1-жолдағы «Центральный» деген сөздер «Целинтранстрой» деген сөздермен ауыстырылсын.

7. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 510-1301 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Жер учаскенің кадастрлық нөмірі» деген бағанда:

реттік нөмірі 26-жол «21-318-092-1275» деген сандар «21-342-092-1324» деген сандармен ауыстырылсын;

«Жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 26-жол «Кипрос» ЖШС деген сөздер «Влизько Наталья Карповна, Влизько Владимир Александрович» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)» деген бағанда:

реттік нөмірі 26-жол «447» деген сандар «186» деген сандарға ауыстырылсын.

«Жер учаскесінің орналасқан жері» деген бағанда:

реттік нөмірі 26-жол «116А учаске» деген сандармен әріп «116Б учаске» деген сандармен және әріпке ауыстырылсын.

«Құқық» деген бағанда:

реттік нөмірі 26-жолға «Жеке меншік» деген сөздер «Ортақ бірлескен меншік» деген сөздермен ауысытырылсын.

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Жер учаскенің кадастрлық нөмірі» деген бағанда:

реттік нөмірі 22-жол «21-318-092-015» деген сандар «21-342-095-1242» деген сандармен ауыстырылсын;

«Жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 22-жол «Кипрос» ЖШС деген сөздер «Влизько Наталья Карповна, Влизько Владимир Александрович» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)» деген бағанда:

реттік нөмірі 22-жол «1110» деген сандар «895» деген сандарға ауыстырылсын.

«Құқық» деген бағанда:

реттік нөмірі 22-жолға «Жеке меншік» деген сөздер «Ортақ бірлескен меншік» деген сөздермен ауыстырылсын.

«Жер учаскенің кадастрлық нөмірі» деген бағанда:

реттік нөмірі 25-жол «21-318-092-1279» деген сандар «21-342-095-1237» деген сандармен ауыстырылсын;

«Жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 25-жол «Кипрос» ЖШС деген сөздер «Влизько Наталья Карповна, Влизько Владимир Александрович» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)» деген бағанда:

реттік нөмірі 25-жол «622» деген сандар «169» деген сандарға ауыстырылсын.

«Жер учаскесінің орналасқан жері» деген бағанда:

реттік нөмірі 25-жол «3 учаске» деген сандармен әріп «3В учаске» деген сандармен және әріпке ауыстырылсын.

«Құқық» деген бағанда:

реттік нөмірі 25-жолға «Жеке меншік» деген сөздер «Ортақ бірлескен меншік» деген сөздермен ауыстырылсын.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

12.09.2025 №510-3260

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж.Нұркеновке жүктелсін.

Әкім Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «12» 09
№ 510-3260 қаулысына
қосымша

Өзгерістер енгізілетін Астана қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 1 қарашадағы № 510-3372 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 23 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 23 желтоқсанға дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 510-20 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 20 сәуірден 2024 жылғы 20 сәуірге дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 13 ақпандағы № 510-227 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 12 маусымнан 2024 жылғы 12 маусымға дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

4. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 15 ақпандағы № 197-314 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2021 жылғы 6 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 6 желтоқсанға дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

Астана қаласының әкімдігі «Ашық НҚА» интернет-порталында «Астана қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру тәртібі мен шарттары туралы қағидаларды бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының шешімінің жобасы орналастырылғанын хабарлайды.

Сондай-ақ, жобаны «Ашық НҚА» интернет-порталында https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=15591087 сілтемесі бойынша орналастыру туралы хабардар етеміз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес Сарыарқа ауданында орналасқан жер учаскесінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша, Бейбітшілік көшесі, Бөгенбай батыр даңғылы, Республика даңғылы және Ә.Жангелдин көшесі шекараларында «Көпфункционалды әкімшілік орталық 5 қабат» объектісін орналастыру бөлігінде қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Тапсырыс беруші Е.К.Жамешов.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 22 қазанда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде k.baigabylova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

№110 (4854) 18/09/2025 Бейсенбі



БЕЙБІТШІЛІК СИМФОНИЯСЫ

Бейбітшілік және келісім сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі қонақтарына арналған «Бейбітшілік симфониясы» концерті өтті.

Өнер арқылы татулық пен келісім құндылықтарын дәріптеу, халықтар достығы мен өзара түсіністікті нығайту мақсатында өткен концерт ұлы Абайдың туындыларымен ашылды. Белгілі актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Әбділманов ақынның «Қара сөздерін» оқыды. Әрі қарай Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен «Астана Опера» театрының әншісі Дінмұхаммед Көшкінбаев «Айттым сәлем, қаламқасты» әуелетті. Оған аталған өнер ұжымының камералық хоры қосылды.

Жалпы кеште қазақтың көне мұрасымен қатар қазіргі композиторларының туындылары, әлем жауһарлары орындалды. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің «Тәлім» термесін халықаралық байқаулардың лауреаты Нұрайым Ерталапқызы, Айтқали Жайымовтың «Шалқымасын» Қазақстанның халық әртісі Айгүл Үлкенбаева бастаған, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ардақ Елеусіз, Дарын Құдайбергенов қостаған домбырашылар тартты.



«Тұғырлы ел» туындысын «Рух» этно-фолк тобы орындаса, халық әні «Назқоңыр» мен Жаяу Мұсаның «Ақ сисасын» Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мейір Байнеш, «Астана Опера» театрының солистері Нұрсұлтан Әнуарбек пен Талғат Аллабиринов шырқады. Нағым Меңдіғалиевтің «Домбыра туралы аңыз» шығармасын фортепианода халықаралық байқаулардың лауреаты Нұрсұлтан Омарғазин орындады.

Шетелдік туындылардың арасында италиялық композитор Джулио Каччинидің «Ave Maria» шығармасы, Дмитрий Шостаковичтің «№2 вальс», Карл Дженкинстің «Туған жер», Фриц Крейслердің «Пуньяни стиліндегі прелюдия мен аллегро» туындылары әуеледі. Концерттің соңына қарай Ринат Ғайсиннің «Достық мекені», «Туған жерім» және Хамит Шаңғалиевтің «Үзілмес үміт» шығармалары ұсынылды.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

СПОРТТЫҚ БИ САБАҚТАРЫ

Астанадағы Арбатта қала тұрғындары мен қонақтарына арналған Funny Sport жобасы аясында спорттық биден шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Іс-шараға 100-ден астам қатысушы жиналып, үш сағат бойы тегін дәрістерге қатысып, ырғақ пен шабытқа толы атмосферада би өнерінің қыр-сырын меңгерді.



Кәсіби жаттықтырушылардың жетекшілігімен вальс, танго және спорттық бидің өзге де түрлерінен сабақтар өтті. Билеуді енді бастағандарға үйрету сабақтары жүргізілсе, тәжірибелі бишілерге өз шеберлігін шыңдауға мүмкіндік берілді.

Жобаның басты мақсаты – спорттық биді көпшілікке қолжетімді ету, тұрғындарды салауатты өмір салтына баулу және жастарды шығармашылық белсенділікке тарту. Іс-шараның ерекше атмосферасын жаттықтырушылар мен қатысушылар арасындағы тікелей байланыс, шынайы эмоциялар мен көрермендердің қолдауы қалыптастырды. Қатысушылардың пікірінше, шеберлік сабақтары олар үшін тек жаңа білім ғана емес, қуаныш пен жағымды әсер сыйлаған нағыз мерекеге айналды.

21 қыркүйекке дейін жалғасатын Funny Sport жобасы аясында қала тұрғындары флорбол, BMX, скейтбординг, отбасылық эстафета, жүгіру, аула ойындарына қатысып, Street Workout және инклюзивті шеберлік сабақтарында кәсіби мамандардан тәлім алады. Өткен жылы Funny Sport марафонына 1500-ден астам адам қатысқан болса, биылғы шараларға да 1000-нан аса тұрғынның қосылуы мүмкін.

ЖАҢА ЭТНОГРАФИЯ ЗАЛЫ АШЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде екінші этнография залы ашылды. Бұған дейін музейде этнография залы болғанымен, оған барлық құнды жәдігер сыймады. Енді жаңа кеңістікте халқымыздың бай мұрасы кең көлемде ұсынылып отыр.



Жәдігерлердің арасында ерекше орын алатыны – Батыс Қазақстан өлкесінен шыққан, XIX ғасырға жататын сәукеле. Жаңа залда қазақ халқының және Орталық Азия халықтарының XIX-XX ғасырлардағы зергерлік әшекейлері, дәстүрлі киім үлгілері, киізден жасалған үй бұйымдары, кілем түрлері және жиһаздар ұсынылған. Ер жігіт пен әйелдің, қалыңдық пен күйеу жігіттің ұлттық киім үлгілері қойылған. Реконструкция авторы – Естай Даубаев, шебері – Айжан Абдубаитова.

Ерекше назар кілем тоқу өнеріне және киіз бұйымдары – сырмақ пен текеметке аударылды. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген бұл қолөнер түрлері халықтың этникалық ерекшелігі мен дүниетанымын айшықтайды.

Экспозицияда үй жиһаздары мен тұрмыстық бұйымдар көрсетілген. Сандықтар, кебеже, асадал және т.б. заттар ұсынылған. Көшпелі тұрмыс кешкен қазақ халқы неғұрлым аз жиһаз тұтынуға тырысқан, сол себепті әрқайсысының барынша мұқият көркемделіп, безендірілуіне үлкен мән берген. Келушілер назарына жалпы саны 258 жәдігер, соның ішінде бірегей 47 кілем ұсынылды.

«Біздің басты мақсатымыз – асыл мұраларды көпшілікке таныстырып, халқымыздың мәдени байлығын дәріптеу. Қорымызда екі жарым ғасырлық тарихы бар жәдігерлер бар. Соларды тұрақты түрде көрсетіп, болашақ ұрпаққа жеткізу – музейдің ең басты миссиясы» дейді Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы.

ҚАЛАМГЕРЛЕР ҚАТЫСТЫ

Астана қаласы тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана филиалы бірігіп, елордалық қаламгерлер арасында Qalam Quiz өткізді.



Жобаның негізгі мақсаты – елордалық әдебиетшілердің басын қосу, қаламгерлер арасындағы шығармашылық байланысты нығайту, пікір алмасуға, зияткерлік өріс пен әдеби таным көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік жасау.

Интеллектуалдық жарыс «Эпиграф», «Әлем», «Думан», «Желі», «Кульминация», «Эпилог» сынды алты бағыт бойынша өтіп, әр бағытта 6-7 әдеби-логикалық сұрақтар қойылып, қатысушылардың терең білімі мен тапқырлығы сынға түсті. Ойынға «40+», «Құрдастар», «Самғау», «Алқа», «Күлтегін», «Тіл-қазына», «Қоңыр» және «451 градус» сынды 8 команда қатысып, нәтижесінде бірінші орынды «451 градус», екінші орынды «Құрдастар», үшінші орынды «Қоңыр» тобы иеленді.

Сондай-ақ жеңімпаздардың бәрінен бағалы сыйлықтар табысталды. Ал әдебиетті қолдап, демеушілік көрсеткен – «Қасым» баспасы.

Айта кетейік, қатысушылардың белсенділігі мен ықыласына қарай Qalam Quiz ойыны алдағы уақытта тұрақты түрде, әр апта сайын өткізілетін болады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 10 200. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 110
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР